

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07130 – Көлік, көліктік техника және технология

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| БББ мақсаты | Автомобильдерді пайдаланумен, жөндеумен және қызмет көрсетумен байланысты кәсіпорындарда өндірістік-технологиялық, ұйымдастыру-басқару, эксперименттік-зерттеу және жобалау-технологиялық қызметті жүзеге асыруға қабілетті, еңбек нарығының талаптарына және кәсіби стандарттарға сәйкес келетін автокөлік кешені үшін кең профильді мамандарды даярлау. |
| БББ міндеттері | <ul style="list-style-type: none">- қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау;- жоғары жалпы интеллектуалдық даму деңгейіне ие болу үшін жағдай жасау, сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениетін және көлік саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;- автомобиль көлігін пайдалану мен жөндеуді сауатты ұйымдастыру, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын жаңғырту және жобалау арқылы оның тиімді жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру;- автомобиль көлігі саласында ғылыми-зерттеу, есептеу-жобалау, өндірістік-технологиялық және ұйымдастыру-басқару қызметіне әзірлікті қалыптастыру;- көлік кешені саласында кейінгі кәсіби даму немесе магистратурада оқуын жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету. |
| БББ үйлесімділігі | <ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);– • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning). |
| БББ кәсіби саламен байланысы | «Автомобиль көлігінің техникалық жағдайын бақылау» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасары 09.06.2018 № 239 бұйрығына № 3 қосымша). |
| Берілетін дәреженің атауы | Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6B07130 - Көлік, көліктік техника және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесі беріледі. |
| Біліктілік пен лауазымдар тізімі | 6B07130 - Көлік, көліктік техника және технологиялар ББ бойынша бастапқы лауазымдарды атқара алады: <ul style="list-style-type: none">• механик-бақылаушы;• автокөлік құралдарын пайдалану және жөндеу жөніндегі инженер;• автокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы;• көлік менеджері;• инженер-автомеханик;• көліктік бақылау инспекциясының және жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының құрылымдық бөлімшелеріндегі жетекші және (немесе) бас маман. |

| | |
|--------------------------------|--|
| Кәсіби қызмет саласы | <ul style="list-style-type: none"> - ішкі техникалық бақылау және автокөлік құралдарын техникалық пайдалану жөніндегі қызмет нәтижелерін ұйымдастыруға және бақылауға байланысты көлік қызметтері; - көлік құралдарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған зерттеу қызметі. |
| Кәсіби қызмет нысандары | <ul style="list-style-type: none"> – автокөлік құралдарын пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдар; – автокөліктерге техникалық қызмет көрсету кәсіпорындары мен станциялары; – материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру кәсіпорындары; – «Көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемелері; – жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменттері мен басқармалары. |
| Кәсіби қызмет пәні | <ul style="list-style-type: none"> • автокөліктер мен жабдықтар; • автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуге арналған жабдықтар; • автокөліктердің агрегаттары мен қосалқы бөлшектері. |
| Кәсіби қызмет түрлері | <ul style="list-style-type: none"> - өндірістік-технологиялық; - пайдалану; - есептеу-жобалау; - бақылау-ұйымдастыру; - ғылыми-зерттеу. |